

Г. АЗРЕТБЕРГЕНОВА¹✉, А. СЫЗДЫҚОВА¹, Ж. ЖЕТИБАЕВ¹, Д. ХАМИТОВА²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан), e-mail: gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz

²Қазақ ұлттық хореография академиясы (Қазақстан, Астана)

ДАМУШЫ ЕЛДЕРДЕГІ ТУРИЗМ КІРІСТЕРІ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Бұл мақала дамушы елдердегі туризмнен түсетін кірістер мен экономикалық өсу арасындағы ұзақ мерзімді байланыс пен себеп салдарлық байланысты зерттейді. Зерттеуде Бразилия, Куба, Грузия, Малайзия, Мексика, Оңтүстік Африка, Таиланд және Түркия сияқты дамушы 8 елдің 2000-2023 жылдардағы жылдық деректері пайдаланылды. Талдау аясында ұзақ мерзімді коинтеграциялық қатынасты анықтау үшін *Redroni* және Као коинтеграциялық сынақтары қолданылды. Сонымен қатар, айнымалылар арасындағы себептілік бағытын анықтау үшін *Dumitrescu* және *Hurlin* панельдік себептілік сынағы қолданылды.

Нәтижелер дамушы елдердегі туризмнен кірістер мен экономикалық өсу арасында ұзақ мерзімді коинтеграциялық байланыс бар екенін көрсетеді. Себеп-салдарлық талдаудың нәтижелері туризмнен түскен кірістен экономикалық өсуге дейін бір жақты себептілік байланыс бар екенін анықтайды. Бұл тұжырым туризм секторының зерттелген елдердің экономикалық өсуіне айтарлықтай үлес қосатынын және туризмнің тұрақты даму саясаты тұрғысынан стратегиялық сектор ретінде қарастырылуы керектігін көрсетеді.

Зерттеу дамушы елдердегі туризмнің экономикалық өсудегі рөлін көрсету арқылы саясаткерлер мен инвесторларға маңызды ақпарат береді. Нәтижелер туризм секторын ынталандыру экономикалық өсуді қолдайтынын және тұрақты туризм саясатының қажеттілігіне назар аударатынын көрсетті. Бұл тұрғыда туризмді инфрақұрылымдық инвестициялармен, жарнамалық іс-шаралармен және тұрақты даму стратегияларымен қолдау экономикалық өсудің маңызды факторы болып табылады.

Кілт сөздер: туризм кірістері, экономикалық өсу, дамушы елдер, панельдік коинтеграция, панельдік себеп салдарлық

Кіріспе


Туризм дамушы елдер үшін үлкен экономикалық әлеуеті бар стратегиялық сала. Тікелей және жанама экономикалық жарналарымен ол жұмыс орындарын құру, валюта

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Азретбергенова Г., Сыздықова А., Жетибаев Ж., Хамитова Д. Дамушы елдердегі туризм кірістері мен экономикалық өсу арасындағы байланысты талдау –2025. –No2(8). –б. 86–97. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.06>

*Cite us correctly: Azretbergenova G., Syzdykova A., Zhetibaev Zh., Hamitova D. Damushy elderdegi turizm kiristeri men ekonomikaluk osu arasyndagy bailanysty taldaу [Analysis of the relationship between tourism revenues and economic growth in developing countries] –2025. – No2(8). –b. 86–97. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.06>

ағынын қамтамасыз ету және инфрақұрылымдық инвестицияларды іске қосу сияқты көптеген артықшылықтарды ұсынады. Әсіресе дамушы елдерде туризм саласы экономикалық дамудың маңызды элементтерінің бірі болып саналады. Сондықтан халықаралық туристік кірістердің барысы және олардың экономикалық әсері туралы академиялық зерттеулер саясаткерлер мен экономистер үшін үлкен маңызға ие.

Соңғы жылдары халықаралық туристік кірістердің үлкен ауытқуы байқалды. 2006 жылы 767,2 млрд. АҚШ доллары кірісімен басталған халықаралық туризм секторы жаһандық экономикада 2019 жылы 1490 млрд. АҚШ долларына дейін өсті. Алайда, 2020 жылы COVID-19 пандемиясына байланысты халықаралық саяхатқа шектеулер енгізілгеннен кейін туризмнен түскен кіріс 561,1 млрд. АҚШ долларына дейін күрт төмендеді. Бұл кезең туристік индустрияның қаншалықты «нәзік» екенін және дамушы елдер үшін олар тәуелді болатын осы кірісті жоғалту күрделі экономикалық проблемаларға әкелетінін көрсетті. Қалпына келтіру процесі 2021 және 2022 жылдары басталып, 2023 жылы туризмнен түскен табыс 1528,6 млрд. АҚШ долларымен пандемияға дейінгі деңгейден асып түсті (1-сурет).



Сурет 1- 2006-2023 жылдар аралығындағы дүниежүзілік халықаралық туризм кірістері (млрд.АҚШ доллары)

Ескерту: <https://www.statista.com/> деректері негізінде авторлар құрастырған.

Туристік кірістердің бұл ауытқуы дамушы елдердің экономикалық өсуіне тікелей әсер етеді. Әсіресе, экономикасы валюталық кіріске тәуелді елдерде туризм секторы экспорттық кірістер, инвестициялар және жұмыс орындарын құру тұрғысынан маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыда халықаралық туризм кірістері артқан кезеңде дамушы елдердің экономикалық өсімі жылдамдайтыны байқалады. Екінші жағынан, пандемия сияқты дағдарыс кезеңдерінде туризмнен түсетін кірістердің күрт төмендеуі бұл елдердің экономикалық көрсеткіштеріне теріс әсер етеді.

Бұл мақалада туризмнің экономикалық дамуға әсері дамушы елдердегі туризм кірістері мен экономикалық өсу арасындағы байланысты қарастыру арқылы талқыланады. Сонымен бірге туризмнен түсетін кірісті арттыру үшін жүзеге асырылуы мүмкін саясаттар мен стратегиялар да талқыланады. Бұл тұрғыда туристік кірістердің экономиканың дамуына

қосқан үлесін егжей-тегжейлі талдауды ұсынуға бағытталған.

Әдебиетке шолу

Туризмнен түсетін кірістер мен экономикалық өсу арасындағы оң қарым-қатынасты бірнеше механизмдермен түсіндіруге болады, соның ішінде тікелей кірістерді қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын арттыру және тұрақты бәсекеге қабілеттілік рөлі [1, 2]. Бұл механизмдер туризмнің әртүрлі контексттерде экономикалық дамудың катализаторы ретінде қалай әрекет ететінін көрсетеді. Туризм кірістері мен экономикалық өсу арасындағы байланыс теориялық және эмпирикалық зерттеулерде қарастырылған және зерттеу нәтижелері әдетте айтарлықтай оң корреляцияны көрсетеді. Түрлі зерттеулер туризмнің тікелей табыс алу және қоғамның әл-ауқатына және ЖІӨ өсуіне жанама әсер ету арқылы экономикалық дамуға қалай ықпал ететінін көрсетеді. Туризм мен экономикалық өсу арасындағы оң қарым-қатынас айқын болғанымен, зерттеу әдістемелеріндегі ықтимал қиғаштықтарды және қоғамдық қабылдау мен инвестициялық шешімдерді бұрмалауы мүмкін академиялық емес перспективалардың әсерін ескеру қажет [3].

Әдебиеттердегі зерттеулерді тұтастай қарастырғанда, туризмге негізделген өсу гипотезасының аясында туризм кірістері мен экономикалық өсу арасындағы байланысқа арналған эмпирикалық зерттеулердің көпшілігі негізінен уақыттық қатарларды талдау әдістемесін қолдана отырып, дамушы елдерде жүргізілетіні байқалады. Қарастырылған зерттеулердің нәтижелерін бағалағанда, туризм кірістері мен экономикалық өсу арасындағы байланысты ұзақ мерзімді байланыстар мен себептілік тұрғысынан зерттейтін эмпирикалық зерттеулерде жалпы Туризмге негізделген өсу гипотезасын қолдайтын нәтижелерге қол жеткізілгені байқалады [4, 5]. Дегенмен, туризм кірістері мен экономикалық өсу арасындағы байланысты ұзақ мерзімді байланыстар мен себептілік тұрғысынан зерттейтін дамушы елдерде жүргізілген эмпирикалық зерттеулердің шектеулі бөлігінде Туризмге негізделген өсу гипотезасын қолдайтын нәтижелерге қол жеткізілмеген. Бұл туристік кірістердің экономикалық өсуге ықпалы бойынша алынған нәтижелер зерттеулерде қамтылған елдердің экономикалық аспектілеріндегі айырмашылықтарға және туризм секторларының даму деңгейіне, зерттеулердің іріктеу кезеңдері мен эконометрикалық әдіснамаларға байланысты өзгеретінін көрсетеді.

Chien-Chiang Lee және Chun-Ping Chang (2008) зерттеулерінде 1990-2002 жылдар аралығындағы деректермен, ЭЫДҰ-ның 23 елі мен ЭЫДҰ-ға кірмейтін 32 ел (Азия, Латын Америкасы және Сахараның оңтүстігіндегі елдер) үшін жан басына шаққандағы туристік шығындардың, туристер санының және нақты айырбас бағамының ЖІӨ-ге әсерін талдаған. Зерттеу нәтижелері 55 елде туризмнің дамуы мен экономикалық өсу арасында оң байланыс бар екенін көрсеткен. Бұл байланыс ЭЫДҰ-ға кірмейтін елдерде күштірек екені анықталған [6].

Nikolaos Dritsakis (2012) өз зерттеуінде, 1998 және 2011 жылдар аралығында 7 Жерорта теңізі елдері (Испания, Франция, Италия, Грекия, Кипр және Тунис) үшін туристік кірістер, нақты тиімді айырбас бағамының және жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ-нің экономикалық өсуге әсерін талдады. Зерттеу нәтижелері бойынша Жерорта теңізінің 7 елінде туризм мен экономикалық өсу арасында байланыс анықталған [7].

Wu және т.б.(2023) зерттеулерінде Сингапур мен Таиландта халықаралық туризм кірістері мен экономикалық өсу арасындағы себепті байланысты анықтаса, Камбоджа, Гонконг және Макаодағы жағымсыз күйзелістер туризмнің ауытқуы осы аймақтардағы экономикалық өсуге айтарлықтай кері әсер етуі мүмкін екенін анықтаған [8].

Konuk (2024) өз зерттеуінде MINT (Мексика, Индонезия, Нигерия және Түркия) елдерінде туризмнен түсетін кірістер мен экономикалық өсу арасында статистикалық тұрғыдан маңызды байланыс бар екенін және туризмнен түскен табыстың 1%-ға артуы экономикалық өсудің 0,2211%-ға артуына әкелетінін көрсетіп, туризмнің оң экономикалық әсеріне баса назар аударды [9].

Nayak & Hanagodimath (2024) өз зерттеулерінде Үндістандағы туристік кірістер мен экономикалық өсу арасындағы маңызды байланысты көрсетеді, 2003-2020 жылдар аралығындағы елдің экономикалық дамуына бірлесіп ықпал ететін жан басына шаққандағы ЖІӨ және халықаралық туристік түсімдер сияқты факторларды көрсетеді [10].

Sarkhanov & Baghirov (2024) өз зерттеулерінде туризмнен түскен табыстың өсуі ГУАМ (Грузия, Украина, Әзірбайжан және Молдова) елдеріндегі жан басына шаққандағы ЖІӨ-ге оң әсер ететінін анықтады. Атап айтқанда, Грузияда туризмнен түсетін табыстың өсуі экономикалық өсуге ықпал ететінін және әсер елдердің ерекшеліктеріне байланысты өзгеретінін көрсетеді [11].

Сыздықова (2024) зерттеуінде Қазақстандағы туризм кірістері мен экономикалық өсу арасындағы байланысты 1995-2022 жылдар аралығындағы деректермен талдаған. Автор айнымалылар арасындағы ұзақ мерзімді байланысты Johansen коинтеграциялық талдаумен қарастырып, туризм кірістері мен өсу арасында ұзақ мерзімді байланысты тапқан. Сонымен қатар Грэнджер себептілік тестінің нәтижесінде ұзақ мерзімде туризм кірісінен экономикалық өсуге бір бағытты себептілік байланысы анықталған [12].

Montvydaite & Labanauskaite (2024) өз зерттеулерінде Литва мен Эстониядағы туристік кірістер мен экономикалық өсу арасында статистикалық маңызды оң байланыс бар екенін анықтады. Бұл нәтиже туризмді қолдаудың экономикалық өсуді ынталандыратынын көрсетеді. Дегенмен, талданған кезеңде Латвиядағы туризмнен түскен табыс пен экономикалық өсу арасында айтарлықтай байланыс табылған жоқ [13].

Ülger & Uçar (2024) өз зерттеулерінде BRICS-T елдеріндегі экономикалық өсу мен туризм арасында статистикалық маңызды себептік байланысты таппады. Бұл туризмнен түсетін кірістердің экономикалық өсімге тікелей әсер етпейтінін көрсетеді.

Қорытындылай келе, әдебиеттерде туризмнен түсетін кірістер мен экономикалық өсу арасындағы байланысқа қатысты әртүрлі тұжырымдар бар. Кейбір зерттеулер осы екі айнымалының арасындағы оң қатынасты дәлелдесе, кейбіреулері оң байланыстың жоқ екендігін анықтайды. Бұл жағдай осы байланысты әлі де тереңірек зерттеу қажеттігін көрсетеді. Бұл зерттеу дамушы елдердегі туризм кірістері мен экономикалық өсу арасындағы ұзақ мерзімді және себептілік қатынастарын жан-жақты бағалай отырып, бірнеше жаңалықтар ұсынады. Біріншіден, 2000–2023 жылдар аралығындағы кеңейтілген панельдік деректердің қолданылуы зерттеу нәтижелерінің өзектілігі мен сенімділігін арттырады. Екіншіден, Pedroni және Као коинтеграциялық тесттері арқылы ұзақ мерзімді тепе-теңдік қатынасын, ал Dumitrescu және Hurlin панельдік себептілік әдісі арқылы айнымалылар арасындағы себеп-салдар байланысын бағалау қазіргі әдебиетте сирек қолданылатын әдіснамалық біріктіруді көрсетеді. Бұл тәсіл елдер арасындағы гетерогенділікті ескеруге мүмкіндік беріп, нәтижелердің нақты әрі кең мағыналы болуына жол ашады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің эмпирикалық бөлігінде кірісі орташа жоғары (upper middle-income) 8 дамушы елдердегі (Бразилия, Куба, Грузия, Малайзия, Мексика, Оңтүстік Африка, Таиланд және Түркия) туризмнен түсетін кірістер мен экономикалық өсу арасындағы байланыс

панельдік деректерді талдау әдісі арқылы зерттелді. Талдау кезінде 2000-2023 жылдар аралығындағы деректер пайдаланылды. Экономикалық өсу көрсеткіші ретінде елдердің ЖІӨ мен туризмнен түскен кірістері қарастырылды. ЖІӨ және туризмнен түскен кіріс деректеріне Дүниежүзілік банк дерекқоры арқылы қол жеткізілді. Талдауда екі айнымалының логарифмі алынып қолданылды. Зерттеуде анықталған модельді келесідей көрсетуге болады: $lngdp_{it} = \beta_0 + \beta_1 lntr + \varepsilon_{it}$

Модельде $lngdp$ номиналды ЖІӨ (экономикалық өсу), $lntr$ туризм кірістерін және ε қате терминін білдіреді.

Зерттеуде стационарлықты анықтау үшін Levin, Lin және Chu (LLC) (2002); Im, Pesaran және Shin (1997) шығарған бірлік түбір сынақтары қолданылды. Айнымалылар арасындағы ұзақ мерзімді байланысты анықтау үшін Као және Pedroni коинтеграциялық сынақтары қолданылды. Содан кейін, айнымалылар арасындағы байланыс бағыты Dumitrescu және Hurlin Панельдік себептілік талдауы көмегімен зерттелді. Қате шарттарына негізделген ұзақ мерзімді қарым-қатынасты анықтау үшін панельдік коинтеграция тестіне негізделген сынақтар Dickey Fuller (DF) және Augmented Dickey Fuller (ADF) сынақтары. Као коинтеграциясы, ADF ұзақ мерзімді регрессия моделі келесідей:

$$\hat{e}_{it} = p\hat{e}_{it-1} + \sum_{j=1}^p \varphi_j \Delta \hat{e}_{it-j} + u_{itp}$$

Тесттің гипотезалары төмендегідей:

H_0 : Айнымалылар арасында коинтеграция жоқ.

H_1 : Айнымалылар арасында коинтеграция бар.

Pedroni (1995 және 1999) Коинтеграция сынағы 7 панельдік коинтеграциялық тесттерді қамтиды, оның 4-і панельдік (топ ішіндегі сынақтар) және 3-і топтық сынақтар (топтар арасындағы). Егер 7 сынақтан алынған нәтиженің көпшілігі коинтеграция бағытында болса, шешімдер осылай қабылданады. Pedroni (1995 және 1999) тестінде зерттелетін модельді жобалау кезінде ескерілетін негізгі фактор орташа мәннің бар-жоғы болып табылады. Тұрақты мен трендті қамтитын коинтеграциялық тест келесідей:

$$y_{i,t} = \alpha_i + \delta_i t + \beta_1 x_{1i,t} + \beta_2 x_{2i,t} + \dots + \beta_{Mi} x_{Mi,t} + \varepsilon_{i,t}$$

$t = 1, \dots, T; i = 1, \dots, N; m = 1, \dots, M$

Pedroni (1995 және 1999) панельдік коинтеграция гипотезаларын келесідей тексерді:

H_0 : Коинтеграция жоқ. ($H_0 = \rho_i = 1$)

H_1 : Коинтеграция бар. ($H_0 = \rho_i < 1$)

Dumitrescu-Hurlin Панельдік себептілік талдауы (2012) айнымалылар арасындағы себептілікті тексеру үшін әзірленген. Бұл сынақты уақыт өлшемін білдіретін T көлденең қима өлшемі болып табылатын N өлшемінен үлкен немесе кішірек болғанда қолдануға болады. Dumitrescu-Hurlin Панельдік себептілік талдауы (2012) төмендегідей:

$$Y_{i,t} = \alpha_i + \sum_{k=1}^K \gamma_i^{(k)} Y_{i,t-k} + \sum_{k=1}^K \beta_i^{(k)} X_{i,t-k} + \varepsilon_{i,t}$$

k : лаг ұзындығы, γ авторегрессивті параметр және β көлбеу коэффициентті білдіреді.

Тесттің гипотезалары келесідей:

H_0 : Панельдік деректер жиынының барлық бірліктерінде себепті байланыс жоқ.

H_1 : Панельдік деректер жиынының кем дегенде бір бірлікте себепті байланыс бар.

Нәтижелер мен талқылау

1-кесте айнымалылардың стационарлығын зерттейді. Статистикалық маңыздылықты анықтау кезінде айнымалылар бірлік түбірі болмауы керек. Егер айнымалылардың уақытша қатарында тренд болса, қатынастың жалған болуы мүмкін. Демек, тоқырау қарым-қатынастың шындығының көрінісі болып табылады.

Ең көп қолданылатын панельдік бірлік түбірлік сынақтар, Levin, Lin және Chu (LLC) (2002) және Im, Pesaran және Shin (IPS) (1997) бірлік түбір сынақтары 1-кестеде көрсетілгендей айнымалылардың стационарлық екенін көрсетеді. Екі айнымалы да бірінші дәрежелі айырмашылықтарды алу арқылы стационар болды және қатардың бірлік түбірі бар деген нөлдік гипотеза (H_0) қабылданбады. Барлық айнымалылар бірінші дәрежелі айырмашылықта стационар болғандықтан, айнымалылар арасындағы ұзақ мерзімді коинтеграциялық байланыс Pedroni және Као коинтеграциялық сынақтарымен тексеріледі.

Кесте 1 – Бірлік түбірлік сынақтары

Айнымалы	Тест	Деңгей				1-ші айырмашылық			
		Тұрақты		Тұрақты & Тренд		Тұрақты		Тұрақты & Тренд	
		t-стат.	p-мәні	t-стат.	p-мәні	t-стат.	p-мәні	t-стат.	p-мәні
<i>lngdp</i>	LLC	2.8076	0.7893	-0.9486	0.6031	-5.4735	0.0000	-5.4093	0.0000
	IPS	2.9437	1.0175	-0.3679	0.5690	-7.0498	0.0000	-5.0476	0.0000
<i>lntr</i>	LLC	0.4489	0.7035	-0.3023	0.7681	-8.5350	0.0000	-7.4187	0.0000
	IPS	1.2036	0.7643	-0.5279	0.2934	-8.4076	0.0000	-7.1199	0.0000

Pedroni коинтеграция сынағы жеті сынақ статистикасынан тұрады, соның ішінде төрт түрлі тест бөлім ішінде және үш тест бөлім аралық. 2-кестедегі Pedroni коинтеграциялық тесті нәтижелеріне сәйкес, жеті тест статистикасының алтауындағы ықтималдық мәні 0,05-тен төмен болғандықтан, коинтеграциялық қатынас жоқ деп есептейтін H_0 гипотезасы қабылданбайды және айнымалылар арасында коинтеграцияланған байланыс бар деп болжанады. Бұл жағдай бұл айнымалылардың ұзақ мерзімді перспективада коинтеграцияланған қатынасы бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар, Као коинтеграциялық тесті нәтижесі бойынша ықтималдық мәні 0,05-тен төмен екендігі анықталды және коинтеграциялық қатынас жоқ деген H_0 гипотезасы қабылданбады және айнымалылар арасында коинтеграцияланған байланыс бар деп ұйғарылды. Бұл жағдай қарастырылып отырған айнымалылар арасында ұзақ мерзімді байланыс бар екенін көрсетеді.

Кесте 2- Коинтеграциялық тест нәтижелері

Pedroni панелдік коинтеграция тестінің нәтижесі					
1	2	3	4	5	6
Тесттер	t-стат.	p-мәні	Weighted t-стат.	p-мәні	Шешім
Panel v	0.657807	0.3076	-0.60243	0.9873	H_0 : Қабылданбайды
Panel rho	-10.41823	0.0012	-10.27234	0.0000	
Panel pp	-20.50764	0.0000	-18.09975	0.0000	
Panel adf	-12.31736	0.0000	-10.70783	0.0000	
Group rho	-10.06987	0.0000			

жалғасы келесі бетте...

Group pp	-23.45739	0.0000		
Group adf	-13.60476	0.0000		
Као панелдік коинтеграция тестінің нәтижесі				
Тесттер	t-стат.	p-мәні	Шешім	
ADF	-9.684051	0.0000	H_0 :	
Residual variance	3.0430705		Қабылданбайды	

3-кестедегі тұжырымдар шеңберінде *lntr* ретінде көрсетілген туризмнен түскен кірістен экономикалық өсуге (*lngdp*) қарай біржақты себептілік байланысы анықталды. Талдауға енгізілген дамушы елдердегі экономикалық өсуден туризмнен түскен кірістерге қарай себеп-салдарлық байланыс анықталған жоқ.

Кесте 3 – Dumitrescu және Hurlin панелдік себептілік сынағы нәтижелері

Гипотеза	k=1	k=2	k=3	Шешім
$lngdp \rightarrow lntr$	0.13678 (0.9078)	0.79631 (0.2036)	1.06781 (0.1079)	H_0 : Қабылданады
$lntr \rightarrow lngdp$	7.196310 (0.0000)***	6.301523 (0.0000)***	5.039642 (0.0195)**	H_0 : Қабылданбайды

Ескерту: k: лаг ұзындығы, жақшадағы мәндер ықтималдық мәндерін көрсетеді. *** және ** белгілері сәйкесінше 1% және 5% деңгейінде маңыздылықты көрсетеді.

Тәуелсіз айнымалы болып табылатын туризм кірістерінің тәуелді айнымалыға, экономикалық өсуге әсерін өлшеу үшін қажетті панельдік регрессиялық талдау 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4- Панельдік регрессиялық талдау нәтижелері

Айнымалы	Коэффициент	Стандартты қате	t-стат.	p-мәні
<i>lntr</i>	0.358012	0.056730	0.09438	0.0130

Панельдік регрессиялық талдау нәтижесінде алынған ақпарат шеңберінде *lntr* айнымалысы мен *lngdp* айнымалысы арасында статистикалық маңызды байланыс ($p < 0,05$) табылды. Басқаша айтқанда, дамушы елдердегі туризм кірістері 1% өзгерсе экономикалық өсу 0,36%-ға өзгереді. Коэффициент оң болғандықтан туризмнен түскен кірістер өскен сайын дамушы елдерде экономикалық өсу артады.

Зерттеу нәтижелері туризмнен түсетін кірістер экономикалық өсуді қолдайтынын және осы екі айнымалының арасында ұзақ мерзімді коинтеграциялық байланыс бар екенін көрсетеді. Бұл нәтиже туристік кірістердің экономикалық өсуге оң әсерін ашатын көптеген алдыңғы зерттеулермен сәйкес келеді. Туризмге негізделген өсу гипотезасын қолдайтын зерттеулер әсіресе туризмнің экономикалық өсуге тікелей ықпал ететінін және елдердің даму процестеріндегі маңызды қозғаушы күш екенін атап көрсетеді. Мысалы, дамушы елдерге қатысты кейбір зерттеулер туризмнен түсетін кірістер экономикалық өсуді қолдайтынын және туризм секторына салынған инвестиция экономикалық дамуды жеделдететінін көрсетеді. Дегенмен, біздің зерттеу нәтижелеріміз әдебиеттегі кейбір зерттеулерден

ерекшеленеді. Атап айтқанда, кейбір зерттеулер экономикалық өсуден туристік кіріске дейінгі екі жақты немесе кері себептілік бар деп болжағанымен, бұл зерттеуде мұндай себептілік табылған жоқ. Бұл айырмашылық зерттелетін елдердің экономикалық құрылымдарына, экономикадағы туризмнің салмағына, туризм саясатына және деректер жиынындағы айырмашылықтарға байланысты болуы мүмкін. Экономикалық өсудің туризмге тікелей әсер етпеуі туристік сектордың зерттелген елдердегі экономикалық өсумен жеткілікті түрде интеграцияланбағанын немесе туристік сұраныстың көп жағдайда сыртқы факторларға (жаһандық табыс деңгейі, валюта бағамы, қауіпсіздік және т.б.) тәуелді екенін білдіреді. Сонымен қатар, туризмнен түсетін кірістердің өсуі экономикалық өсуге 0,36% ықпал етеді деген тұжырым кейбір зерттеулерде күшті немесе әлсіз әсер бағалауларымен ерекшеленуі мүмкін. Бұл айырмашылық елдердің туристік тәуелділік деңгейі, туристік кірістердің экономикаға интеграциялану дәрежесі және елдер арасындағы құрылымдық айырмашылықтар сияқты факторлардан туындауы мүмкін. Атап айтқанда, бұл әсер туристік кірісі жоғары елдерде көбірек болады деп күтілуде, ал туризм экономиканың салыстырмалы түрде аз үлесін құрайтын елдерде әсер шектеулі болуы мүмкін.

Осы тұрғыда зерттеу нәтижелері әдебиеттегі жалпы тенденцияларға негізінен сәйкес келсе де, оларда кейбір айырмашылықтар байқалады. Бұл елдердің экономикалық құрылымдары мен туристік саясаттарындағы айырмашылықтарға, сондай-ақ қолданылатын әдістер мен деректер жиынтығының өзгермелілігіне байланысты болуы мүмкін. Сондықтан болашақ зерттеулерде үлкенірек ел үлгілерін және әртүрлі әдістерді пайдалану туризм мен экономикалық өсу арасындағы байланыс туралы анағұрлым жан-жақты және салыстырмалы нәтиже береді.

Қорытынды

Бұл зерттеу 2000-2023 жылдар аралығындағы деректер аясында дамушы елдердегі туризм кірістері мен экономикалық өсу арасындағы байланысты зерттеді. Pedroni және Као коинтеграциялық сынақтарының нәтижесінде туризмнен түскен кірістер мен экономикалық өсу арасында ұзақ мерзімді коинтеграциялық байланыс бар екені анықталды. Думитреску мен Хурлин панельдік себептілік сынағы туризмнен түскен кірістен экономикалық өсуге дейін бір жақты себептілік байланыс бар екенін көрсетті, бірақ экономикалық өсуден туристік кіріске дейін себеп-салдарлық байланыс жоқ. Сонымен қатар, панельдік регрессиялық талдау нәтижелеріне сәйкес, туризм кірісінің 1%-ға артуы экономикалық өсуді 0,36%-ға арттырғаны анықталды.

Зерттеу нәтижелері туризмнің дамушы елдерде экономикалық өсуге ықпал ететін маңызды фактор екенін көрсетеді. Алайда, экономикалық өсудің туризмге тікелей кері байланыс әсерінің болмауы, туризмнің экономикалық өсуге әсерінің біржақты екенін аңғартады. Бұл жағдай туризм секторының экономиканың басқа салаларымен жеткілікті деңгейде интеграцияланбағанын немесе туризмнен түскен табыстың ел ішінде тиімді бөлінбеуін білдіруі мүмкін. Сондықтан туризмнің экономикалық өсімге әсерін барынша арттыру үшін салалық әртараптандыруды жүзеге асыру, инфрақұрылымға инвестиция тарту және тұрақты туризм саясатын әзірлеу қажет.

Саясаткерлер үшін маңызды ұсыныстардың бірі — туризм саласына бағытталған ұзақ мерзімді және тұрақты стратегияларды қабылдау. Туризмнен түскен табыстың экономиканың басқа секторларына тиімді таралуын қамтамасыз ету үшін, ең алдымен,

жергілікті бизнесті қолдау және туризммен байланысты салаларды дамыту қажет. Сонымен қатар, туристік инфрақұрылымға инвестицияларды ұлғайту арқылы қызмет көрсету сапасын арттырып, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілікті күшейтуге болады. Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында экотуризмді, мәдени туризмді дамыту және жергілікті халықтың белсенді қатысуын ынталандыратын саясаттарды іске асыру маңызды.

Қорытындылай келе, туризм секторы дамушы елдерде экономикалық өсімге айтарлықтай үлес қосып отыр. Алайда бұл үлестің ұзақ мерзімді әрі тұрақты болуы үшін салалық интеграцияны күшейту, инфрақұрылымға инвестицияларды арттыру және экологиялық тұрақтылық қағидаттарын енгізу аса маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Zhang J. The effects of tourism on economic growth targets achievement // *Current Issues in Tourism*. – 2024. – С. 1–19.
2. Panagiotidis T., Mussoni M., Voucharas G. How important is tourism for growth? // *International Journal of Finance & Economics*. – 2024. – Т. 29, № 4. – С. 4704–4720.
3. Perles-Ribes J. F., Ramón-Rodríguez A. B., Such-Devesa M. J., Moreno-Izquierdo L. Methodological proposal to determine explosive tourism growth: a warning for unsustainable development? // *Current Issues in Tourism*. – 2024. – С. 1–19.
4. Bhatt K., Sahoo M., Behera D. K., Panigrahi C. M. A. Tourism-led inclusive growth in emerging and developing economies: a systematic literature review // *SAGE Open*. – 2024. – Т. 14, № 2. – С. 21582440241252516.
5. Kumar N. N., Patel A. Modelling structural breaks in the tourism-led growth hypothesis // *Current Issues in Tourism*. – 2024. – Т. 27, № 5. – С. 701–709.
6. Lee C. C., Chang C. P. Tourism development and economic growth: A closer look at panels // *Tourism Management*. – 2008. – Т. 29, № 1. – С. 180–192.
7. Dritsakis N. Tourism development and economic growth in seven Mediterranean countries: A panel data approach // *Tourism Economics*. – 2012. – Т. 18, № 4. – С. 801–816.
8. Wu T. P., Pham T. H., Le T. H. Tourism and economic growth in Asia: a symmetric and asymmetric causality // *Journal of Policy Research in Tourism, Leisure and Events*. – 2023. – С. 1–17.
9. Konuk T. Turizm gelirlerinin yakınsaması: MINT ülkeleri için panel birim kök testinden kanıtlar // *Uluslararası Ekonomi ve Siyaset Bilimleri Akademik Araştırmalar Dergisi*. – 2024. – Т. 8, № 20. – С. 73–83.
10. Nayak J., Hanagodimath V. An impact analysis of tourism and economic growth in India // *International Education and Research Journal (IERJ)*. – 2024. – Т. 10, № 8. – С. 1–16.
11. Sarkhanov T., Baghirov A. Impact of tourism revenues and inflation on economic growth: An empirical study on GUAM countries // *Multidisciplinary Reviews*. – 2024. – Т. 7, № 3. – С. 1–7.
12. Сыздықова А. Қазақстандағы туризм кірістері мен экономикалық өсу арасындағы байланысты талдау // *Мемлекеттік аудит – Государственный аудит*. – 2024. – № 1 (62). – С. 75–84.
13. Montvydaitė D., Labanauskaitė D. Investigation of the relationship between tourism and economic growth: the case of the Baltic States // *Management Theory and Studies for Rural Business and Infrastructure Development*. – 2023. – Т. 45, № 4. – С. 406–418.
14. Ülger M., Uçar M. The relationship between tourism, trade openness and economic growth: The case of BRICS-T countries [Электронный ресурс]. – Режим доступа:

REFERENCES

1. Zhang J. The effects of tourism on economic growth targets achievement // *Current Issues in Tourism*. – 2024. – S. 1–19.
2. Panagiotidis T., Mussoni M., Voucharas G. How important is tourism for growth? // *International Journal of Finance & Economics*. – 2024. – T. 29, № 4. – S. 4704–4720.
3. Perles-Ribes J. F., Ramon-Rodriguez A. B., Such-Devesa M. J., Moreno-Izquierdo L. Methodological proposal to determine explosive tourism growth: a warning for unsustainable development? // *Current Issues in Tourism*. – 2024. – S. 1–19.
4. Bhatt K., Sahoo M., Behera D. K., Panigrahi C. M. A. Tourism-led inclusive growth in emerging and developing economies: a systematic literature review // *SAGE Open*. – 2024. – T. 14, № 2. – S. 21582440241252516.
5. Kumar N. N., Patel A. Modelling structural breaks in the tourism-led growth hypothesis // *Current Issues in Tourism*. – 2024. – T. 27, № 5. – S. 701–709.
6. Lee C. C., Chang C. P. Tourism development and economic growth: A closer look at panels // *Tourism Management*. – 2008. – T. 29, № 1. – S. 180–192.
7. Dritsakis N. Tourism development and economic growth in seven Mediterranean countries: A panel data approach // *Tourism Economics*. – 2012. – T. 18, № 4. – S. 801–816.
8. Wu T. P., Pham T. H., Le T. H. Tourism and economic growth in Asia: a symmetric and asymmetric causality // *Journal of Policy Research in Tourism, Leisure and Events*. – 2023. – S. 1–17.
9. Konuk T. Turizm gelirlerinin yakinsamasi: MINT ülkeleri için panel birim kök testinden kanitlar // *Uluslararası Ekonomi ve Siyaset Bilimleri Akademik Arastirmalar Dergisi*. – 2024. – T. 8, № 20. – S. 73–83.
10. Nayak J., Hanagodimath V. An impact analysis of tourism and economic growth in India // *International Education and Research Journal (IERJ)*. – 2024. – T. 10, № 8. – S. 1–16.
11. Sarkhanov T., Baghirov A. Impact of tourism revenues and inflation on economic growth: An empirical study on GUAM countries // *Multidisciplinary Reviews*. – 2024. – T. 7, № 3. – S. 1–7.
12. Syzdykova A. Kazakstandagy turizm kiristeri men ekonomikalyk osu arasyndagy bailanysty taldau [Analysis of the relationship between tourism revenues and economic growth in Kazakhstan] // *Memlekettik audit – Gosudarstvennyj audit*. – 2024. – № 1 (62). – S. 75–84.
13. Montvydaitė D., Labanauskaitė D. Investigation of the relationship between tourism and economic growth: the case of the Baltic States // *Management Theory and Studies for Rural Business and Infrastructure Development*. – 2023. – T. 45, № 4. – S. 406–418.
14. Ulger M., Ucar M. The relationship between tourism, trade openness and economic growth: The case of BRICS-T countries [Elektronnyj resurs]. – Rezhim dostupa: <https://doi.org/10.58830/ozgur.pub570.c2329> (қол жеткізу күні: 20.03.2025).

Г. АЗРЕТБЕРГЕНОВА

Экономика ғылымдарының кандидаты
Профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан)
e-mail: gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz

А. СЫЗДЫКОВА

PhD., қауымдастырылған профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан)
e-mail: aziza.syzdykova@ayu.edu.kz

Ж. ЖЕТИБАЕВ	Д. ХАМИТОВА
PhD., қауымдастырылған профессор м.а. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан) e-mail: zhanture.zhetibayev@ayu.edu.kz	Экономика ғылымдарының кандидаты қауымдастырылған профессор Қазақ ұлттық хореография академиясы (Қазақстан, Астана) e-mail: dariga1979@mail.ru
	06.02.2025 ж. баспаға түсті 10.03.2025 ж. түзетулермен келді 30.06.2025ж. басып шығаруға қабылданды

G. AZRETBERGENOVA¹✉, A. SYZDYKOVA¹, ZH. ZHETIBAYEV¹, D. KHAMITOVA²

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz

²Kazakh National Academy of Choreography (Kazakhstan, Astana)

ANALYZING THE RELATIONSHIP BETWEEN TOURISM REVENUES AND ECONOMIC GROWTH IN DEVELOPING COUNTRIES

Abstract. *This study examines the long-term relationship and causality direction between tourism revenues and economic growth in developing countries. In this context, annual data from eight countries, namely Brazil, Cuba, Georgia, Malaysia, Mexico, South Africa, Thailand and Turkey, between the years 2000-2023 were used. Within the scope of the analysis, Pedroni and Kao cointegration tests were applied to determine the long-term cointegration relationship. In addition, Dumitrescu and Hurlin panel causality test was used to determine the causality direction between the variables.*

The findings show that there is a long-term cointegration relationship between tourism revenues and economic growth in developing countries. The causality analysis results reveal that there is a unidirectional causality relationship from tourism revenues to economic growth. This finding shows that the tourism sector makes a significant contribution to the economic growth of the examined countries and that tourism should be considered as a strategic sector in terms of sustainable development policies.

The study emphasizes the role of tourism on economic growth in developing countries and provides important information to policy makers and investors. The results obtained show that incentives for the tourism sector can support economic growth and draw attention to the necessity of sustainable tourism policies. In this context, supporting tourism with infrastructure investments, promotional activities and sustainable development strategies stands out as a critical factor in terms of economic growth.

Keywords: *tourism revenues, economic growth, developing countries, panel cointegration, panel causality*

Г. АЗРЕТБЕРГЕНОВА¹✉, А. СЫЗДЫКОВА¹, Ж. К.ЖЕТИБАЕВ¹, Д. ХАМИТОВА²

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казakhstan, Түркестан), e-mail: gulmira.azretbergenova@ayu.edu.kz

²Казахская национальная академия хореографии (Казakhstan, Астана)

**АНАЛИЗ ВЗАИМОСВЯЗИ МЕЖДУ ДОХОДАМИ ОТ ТУРИЗМА И
ЭКОНОМИЧЕСКИМ РОСТОМ В РАЗВИВАЮЩИХСЯ СТРАНАХ**

Аннотация. В данном исследовании изучается долгосрочная взаимосвязь и причинно-следственная связь между доходами от туризма и экономическим ростом в развивающихся странах. В данном контексте были использованы годовые данные за период 2000–2023 гг. по восьми странам, а именно Бразилии, Кубе, Грузии, Малайзии, Мексике, Южной Африке, Таиланду и Турции. В рамках анализа были применены коинтеграционные тесты Pedroni и Као для определения долгосрочной коинтеграционной связи. Кроме того, для определения направления причинно-следственной связи между переменными использовался панельный тест причинности Думитреску и Херлина.

Результаты показывают, что существует долгосрочная коинтеграционная связь между доходами от туризма и экономическим ростом в развивающихся странах. Результаты анализа причинно-следственных связей показывают, что существует односторонняя причинно-следственная связь между доходами от туризма и экономическим ростом. Этот вывод показывает, что сектор туризма вносит значительный вклад в экономический рост рассматриваемых стран и что туризм следует рассматривать как стратегический сектор с точки зрения политики устойчивого развития.

Исследование предоставляет важную информацию лицам, формирующим политику, и инвесторам, подчеркивая роль туризма в экономическом росте в развивающихся странах. Результаты показывают, что стимулы для туристического сектора могут поддержать экономический рост и привлечь внимание к необходимости политики устойчивого туризма. В этом контексте поддержка туризма посредством инвестиций в инфраструктуру, рекламных мероприятий и стратегий устойчивого развития становится важнейшим фактором экономического роста.

Ключевые слова: доходы от туризма, экономический рост, развивающиеся страны, панельная коинтеграция, панельная причинность